



Бекітемін:

Сарыөзен негізгі орта мектебінің

директоры м.а

М.Е. Байжуманова

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бардарламасы негізінде
2025-2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перенективалық жоспары

Білім беру ұйымы: Сарыөзен негізгі орта мектебінің жанындағы «Еркетай» шағын орталығы

Топ: МАД тобы

Балалардың жасы: 5 жасстан бастап

Жоспардың құрылу кезеңі: Қазан айы 2025-2026 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қазан	Дене тәрбиесі	-Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, онға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру. -Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. -Кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 минут тоқтамай жүгіру; жүрумен алмастыра отырып, 100-120 метр арақашықтықта жүгіру; белгіленген жерге дейін жылдамдыққа (ұзындығы 20 метр) жүгіру. -Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру.
	Тіл дамыту	-Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу. -Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу -Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдану білуді дамыту. -Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу.
	Көркем әдебиет	-Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау -Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару. -Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті тандауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру.

	-Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу. -Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауыссыз дыбыстарды анықтау. -Өңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауыссыз дыбыстарды анықтау. Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау - Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету -Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.
Сауат ашу негіздері	-Азық-түлік атауларын (бидай, күріш, арпа, жүгері, талқан, тары, жент, құрт, сүзбе, шұбат, қымыз, айран), -Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (кереге, уық, шаңырақ, ағаш керует, кебеже, сандық, кілем, сырмақ, алаша, ши, бау, басқұр, арқан, жіп) -Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). жұмбақтар шешкізу. -Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.тақпақтар жаттату,
Математика негіздері	-Көрнекілік арқылы санының пайда болуымен таныстыру 0- цифрмен таныстыру -10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру -Көрнекілік арқылы 10 санының пайда болуымен таныстыру -Қанша?", "Нешініші?" сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру.
Қоршаған әлеммен таныстыру	-Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету. -Туыстық байланыстарды түсіну (өз жұрты, атасы мен әжесі, жақын туыстары, нағашы жұрты), өзінің жеті атасын білу. -Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шанын сүрту. -Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау.
Құрастыру	-Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу. -Бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану.

	-Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес екенін түсіндіру -Композицияларға біріктіруді қалыптастыру.
Сурет салу	-Бейнелеу әдістерін (штрихтар, бояуларды араластырып, қляксография, жіпшен және т. б.) қолдану. -Жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығару (гуашпен сурет салу кезінде). -Сурет салу дағдыларын қалыптастыру -Қауіпсіздік ережелерін сақтау
Мүсіндеу	-Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: көкөністерді, жемістерді. -Оларға тән ерекшеліктерді беру, қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру. -Қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндеу -Қауіпсіздік техникасын сақтай отырып, мүсіндеуге үйрету.
Жапсыру	-Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию. -Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін және т.б.) қолдану -Түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру -Қауіпсіздік ережелерін сақтау
Музыка	-Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру. -Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. -Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу -Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету.